

Азаматтардың тұрғын үйге құқығын қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1640 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Азаматтардың тұрғын үйге құқығын қамтамасыз ету мақсатында және " Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_ негізінде қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Тұрғын үй кодексіне сәйкес тұрғын үй қорының құрамдас бөлігі болып табылатын құрылыстағы тұрғын жайларға жатақханалар, баспана-қонақ үйлер, маневр қорының үйлері, жалғызілікті қарттар, мүгедектер, ардагерлер үшін арнаулы үйлер енеді деп белгіленсін.

Жатақханада тұратындарға отбасы мүшелерінің мөлшерін ескере отырып екі және одан да көп бөлмелерден тұратын (ас үйді, дәлізді және өзге қосалқы жайларды қоспағанда) тұрғын жай берілуі мүмкін.

2. Мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру Қазақстан Республикасының Тұрғын үй кодексі тиісті нормаларының талаптарын ескере отырып жүргізілсін.

3. Мемлекеттік (соның ішінде ведомстволық) тұрғын үй қорының басқа құрылыстарындағы тұрғын үйлер мен тұрғын жайларға енетін объектілерді жекешелендірген кезде, тұрғын үй қорының аталған объектілерін пайдаланудың, сондай-ақ тұрғын үйге азаматтардың құқығына кепілдіктің республика заңдарымен көзделген шарты мен бағыты сақталады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы 1994 жылғы 30 мамырға дейінгі мерзімде:

Қазақстан Республикасының Тұрғын үй кодексі күшіне енгізілгеннен кейін жатақхана мәртебесі бар, жеке пәтер түріндегі тұрғын жайлардың жекешелендірілген кәсіпорындардың меншігіне заңсыз берілуіне қарсылық білдірсін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп жекешелендірілген объектілердің меншік иелері құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагерлігін, мемлекеттік кәсіпорынның қаржы және өзге міндеттемелерін сақтамаған әрі жекешелендірілген тұрғын үйді одан

әрі пайдаланудың шартын орындамаған жағдайда мемлекеттік мүлікке меншік құқын өзгертудің актілерін жарамсыз деп тану туралы талап ететін болсын;

қызметтік тұрғын жайларды азаматтардың және олардың отбасыларының тұрақты тұруына пайдаланған кезде, министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімдердің жеке пәтер түріндегі тұрғын жайларға қызмет үй-жайы немесе жатақхана мәртебесін ("шағын отбасылық жатақхана", "қонақ үй үлгісіндегі жатақхана") заңсыз берген барлық актілеріне наразылық білдірсін және олардың күшінің жойылуына қол жеткізсін.

5. Жергілікті әкімдер тұрғын үй коммуналдық шаруашылық органдарымен бірлесіп 1994 жылғы 30 мамырға дейінгі мерзімде жеке пәтер түрінде ұсталатын және азаматтар мен олардың отбасыларының тұрақты тұруы үшін пайдаланылатын тұрғын жайлардағы үйлерге тұрғын үй мәртебесін беретін болсын, мұндай үйлерді қандай да бір қосымша шартсыз мемлекеттік тұрғын үй қорының құрамына көшірсін, сол үйлерде тұрақты тұратын азаматтарға және олардың отбасыларына иеліктеріндегі тұрғын жайларға ордер беруді қамтамасыз е т с і н .

Бірнеше отбасы, сондай-ақ туыстық қатынасы жоқ азаматтар бір пәтерде тұрақты тұрған жағдайда, олардың иелігіндегі тұрғын үйге ордер беру туралы мәселе, аталған үй балансында тұратын кәсіпорын әкімшілігінің және азаматтар мен олардың отбасы мүшелері жұмыс істейтін кәсіпорын әкімшілігінің келісімі б о й ы н ш а ш е ш і л е т і н б о л с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының Тұрғын үй кодексіне және Қазақстан Республикасының "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңесінің қарауына е н г і з с і н .

7. Осы Жарлықтың заң күші бар және Қазақстан Республикасының Тұрғын үй кодексі мен Қазақстан Республикасының "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Заңына тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенге д е й і н к ү ш і н с а қ т а й д ы .

8. Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті